

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тубекова Дана Оразбаевнаның «Қазақстан Республикасында халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекші э.ғ.к., профессор Г.А.Джунусбекованың

ПІКІРІ

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесі жаңа технологиялар мен демократиялық қағидаттарға сүйене отырып, халықтың пікірін ескеру және басқару сапасын жетілдіру бағытында қарқынды дамуда. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы осы өзгерістердің негізінде қалыптасып, қоғамның сұраныстарына жауап беретін инклюзивті басқару моделін құруды көздейді. Сонымен қатар қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесінде азаматтық қоғам институттарының рөлі артып, олардың саяси шешім қабылдау үрдісіне қатысуының тиімділігі күшейе түсуде. Бұл үрдіс демократиялық басқару қағидаттарын нығайтып, халық пен билік арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа механизмдерін қалыптастыруда.

Бұл диссертациялық жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясының теориялық және әдіснамалық тәсілдерін жан-жақты талдауға, нәтижелігін бағалауға және оны жетілдіру жолдары бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі дамыған әлем елдерінде кеңінен қолданылып келе жатқан «Good Governance» концепциясының Қазақстандық моделін қарастырумен тығыз байланысты. Атап айтқанда, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясы еліміздің ұлттық ерекшеліктеріне қаншалықты бейімделгені, қандай нәтижелерге қол жеткізілгені және оның халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпалы жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар, бұл еңбекте осы саясатты жүзеге асыру барысында кездесетін кедергілер айқындалып, оларды шешу және жетілдіру жолдары ұсынылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі мақсаты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының теориялық және әдіснамалық тәсілдерін талдауға, оның нәтижелігін бағалауға және жетілдіру жолдары бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

Зерттеудің негізгі міндеттері – Халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесінің ғылыми-теориялық негіздерін «Good Governance» концепциясы тұрғысынан кешенді зерттеу, оның шетелдік тәжірибеде қолданылуын талдау және елімізде іске асыру мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстанда Халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырудың басым бағыттарын анықтау, оның ағымдағы жағдайын сараптамалық бағалау және әлемдік рейтингтегі орны сараланған.

Зерттеу барысында объект ретінде Түркістан қаласы алынып, онда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясының жүзеге асырылу барысы жан-жақты талданып, мемлекеттік басқарудың ашықтығы, есеп беру, заңның үстемдігі және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл қағидаларына сәйкес іске асырылу деңгейі талданған. Эксперттік сұхбат әдісі арқылы алынған мәліметтер негізінде аталмыш концепцияны жүзеге асырудың тиімділігі мен негізгі мәселелері анықталған. Сараптамалық деректер Түркістан қаласындағы мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс орнатудағы мүмкіндіктері мен шектеулерін айқындайды.

Зерттеуде осы концепцияны жүзеге асырыру мақсатында елімізде қабылданған нормативтік-құқықтық құжаттарға жасалынған талдамада өзекті және орынды. Мұндай құжаттар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын іске асырудың нақты

қадамдарын заңнамалық тұрғыдан бекіту, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру жағдайларын көруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыста осы тұжырымдаманы іске асырудың SPACE матрицалық моделі арқылы жүзеге асырылу бағыты талданып негізгі дамыту жолы анықталған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста «Ашық үкімет» қағидаттарын дамыту аясында мемлекеттік мекемелердің біртұтас ақпараттық жүйеге интеграциялануы мемлекеттік қызметтердің проактивті моделіне өтуді жеделдетедігі дәлелденген. Бұл OpenAPI интеграциясы негізінде жүзеге асырылып, халықты ақпараттандыру, азаматтық қоғам мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ «Белсенді азамат» және «Білім беру» контекстерін жетілдіру мемлекеттік басқарудың сервистік моделіне көшу үшін маңызды құрал ретінде қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Ақпараттық доктринасы» мен «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының талаптарына сәйкес, бұл бастамалар ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге және азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтудегі маңыздылығы ерекше аталып өтілген. Бұл өз кезегінде азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп, мемлекеттік қызметтердің сапасының жақсаруына алып келеді, нәтижесінде халықтың билік институттарына деген сенімін артып, әлеуметтік тұрақтылық пен мемлекеттік басқарудың тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Жалпы, зерттеу өзекті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған іс-шаралар жүйелі сипатқа ие және олардың іске асуы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді. Сондықтан зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану еліміздегі мемлекеттік басқару сапасын жетілдірудің маңызды қадамы болмақ.

Диссертациялық жұмыста мемлекеттік органдар үшін кері байланыс жүйелерін жетілдіру жолы ретінде арнайы механизм ұсынылған. Бұл механизм мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын үнемі бақылауға, қызмет көрсету барысында туындайтын кемшіліктерді анықтауға және оларды жою жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Кері байланыс жүйесінің көмегімен басқару процестері жүйелі және мақсатты түрде жетілдіріледі, бұл өз кезегінде қабылданған саяси шешімдердің тиімді орындалуына ықпал етеді деп санаймын.

Сонымен қатар диссертациялық жұмыста «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын тиімді іске асыру мақсатында мемлекеттік басқару жүйесінде Open API интеграциясы негізінде бірыңғай кері байланыс платформасын құру ұсынылған. Қазіргі таңда қолданыстағы әртүрлі байланыс құралдары бір-бірімен толықтай үйлеспегендіктен, оларды ортақ жүйеге біріктіру және олардың тиімділігін арттыру маңызды мәселе болып саналады. Open API интеграциясы мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен есептілігін күшейтіп, азаматтардың мемлекеттік органдармен байланысын жеңілдетеді.

Жалпы алғанда Тубекова Дана Оразбаевнаның «Қазақстан Республикасында халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын докторлық (PhD) диссертацияларға қойылатын талаптарға сай орындалған деп санап, «8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы мемлекеттік басқару академиясының
Білім беру саясаты орталығының басшысы
э.ғ.к., профессор

Джунусбекова Г.А.

